

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№2(127)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,

тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	Д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	Д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	Д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	Д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	К.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	Д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	Д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	Д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	Д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	К.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500

(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Аймұхамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Ертегілердегі «Жер асты әлеміне саяхаттау» мотиві777.....	8-14
<i>Аққұлы Сұлтан Хан, Жұмагүл Сағымбай, Кемеңгер Қайырбек.</i> Алаштың рухани мұрасындағы ашаршылық туралы тың деректер (1932-33 жылдар)	15-21
<i>Арыққарақызы Еркегүл.</i> Ақыт Үлімжіұлының «Мұнаджат хази әл-Хажат» туындысы (идеялық ерекшелігі)	22-28
<i>Әшімхан Талдаубек.</i> Тәуелсіздік әдебиеті контексіндегі Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы	29-35
<i>Байтанасова Қарлығаш, Нұрлыбек Гүлбану.</i> Қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық мотивтер	36-44
<i>Ғұбайдуллина Айжан, Қорғанбеков Болат.</i> «Дариға қыз» және «Қисса Шәһизинда» дастандарының поэтикасы мен типологиясы	45-51
<i>Жанысбекова Элмира.</i> Қазақстанның қазіргі заман прозасындағы антикалық және інжілдік бейнелер мен сарындар	52-63
<i>Қамзабекұлы Дихан.</i> Түрік танзиматы: заман шындығының әдебиеттегі көрінісі	64-74
<i>Нуртаева Гүлнура, Үсен Айгүл.</i> Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы ұлттық мотивтер	75-83
<i>Оразбай Сәуле.</i> Орхон-Енисей ескерткіштері мәтіндеріндегі тарихи тұлғалар бейнесі.....	84-90
<i>Теміртас Гүлсезім, Кемеңгер Қайырбек.</i> Сұлтанбек Қожанұлының қаламгерлік қызметі мен шығармашылығы	91-97
<i>Хамзина Қарлығаш, Қалыбекова Қаламқас, Күлейменова Ләйла.</i> Мағжан Жұмабаев поэзиясының типологиялық құрылымы	98-106
Лингвистика және әдістеме	
<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гүлжан.</i> Қытай тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістері	107-115
<i>Аишаф Мұхаммед Аттия.</i> Мәдениетті лингвомәдени антропонимдер арқылы түсіну (орыс және араб антропонимдері негізінде)	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинұр.</i> АҚШ-тың қазіргі медиалық дискурсындағы мәдени кодтар	122-128
<i>Құлтанова Жанара, Құсайынова Райса.</i> Коммуникативтік мінез-құлық мәдениеті және ұлттық (этникалық) стереотиптер	129-134
<i>Жарқынбекова Шолпан, Оразаева Құралай, Петкова Сильвия, Қожамқұлова Гүлмира.</i> Студенттік орталықтандырылған білім беру және тиімді оқыту ортасы	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жүнісова Жаңыл.</i> Қазіргі орыс тіліндегі бейузуал лексиканың сөзжасамдық әлеуеті	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Бақыт Қайырбековтің лирикасындағы «махаббат» бейнесінің концептуалдық мазмұндағы жалпыадамзаттық және ұлттық тұжырымдамасы ..	157-162
<i>Қарагүлова Балгенже.</i> Қазіргі тіл білімінде жаңа сөздерді зерттеудің негізгі бағыттары.....	163-171
<i>Қалибекұлы Толқын.</i> Қытай және қазақ тілдерінің сөз тіркестеріндегі байланысу тәсілдері мен түрлері	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сәуле.</i> Реалияларды өзге тілдерге аудару барабарлығы (Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романының орыс, ағылшын тіліндегі аудармалары)	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> М. Дулатұлының «Есеп құралы»: ұмытылған терминдердің мәні мен мәртебесі	193-200
<i>Смағұлова Гүлшат, Мұхаметқалиева Гүлнұр, Мұртаза Анипа, Балтабаева Гауһар.</i> Ислам терминологиясының Шығыс мәдениетіне енуі: Қытай	201-209
<i>Шәріп Амантай.</i> Қазақ поэзиясындағы «Жер-Ана» архетипі: генезис және трансформация	210-217

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Aimukhambet Zhanat, Issebayeva Ayauzhan.</i> Motive «Zher asty alemine sayachattay» («A travel to the underground world») in fairy tales	8-14
<i>Akkuly Sultan Khan, Zhumagul Sagymbay, Kemengger Kaiyrbek.</i> New facts about the famine in Alash's spiritual heritage (1932-33 years)	15-21
<i>Arykkarakysy Erkegul.</i> Produced by Akyt Ulimzhiuly «Munadzhat chazi al-Chazhat» (ideo feature)	22-28
<i>Ashimhan Taldaubek.</i> Roman-Hamza «Abaidyn zhumbagy» («Abai's mystery») of Ramazan Toktarov in the Context of Non-Sufficient Literature	29-35
<i>Baytanasova Kharlygash, Nurlybek Gulbanw.</i> Folkloric motives in modern Kazakh prose	36-44
<i>Gubaidullina Aizhan, Korganbekov Bolat.</i> Poetics and typology of the epics «Dariga khyz» («Dariga gir») and «Kissa Shachzinda» («Kissa Shaxzinda»)	45-51
<i>Zhanyzbekova Elmira.</i> Antique and biblical images and motifs in the modern Kazakhstani prose ..	52-63
<i>Kamzabekuly Dikhan.</i> Turcic tanzimat: a reflection of the age reality in literature	64-74
<i>Nurtayeva Gulnura, Usen Aigul.</i> The national motive in the poetry of Mukagali Makatayev ..	75-83
<i>Orazbai Saule.</i> An image of historical figures in the texts of Orkhon-Yenisei monuments	84-90
<i>Temirtas Gulsezim, Kemenger Kairbek.</i> Writing activities and creativity Sultanbek Kozhanov	91-97
<i>Khamzina Karlygash, Kalybekova Kalamkas, Kuleimenova Laila.</i> Typological structure of the poetry of Magzhan Zhumabayev	98-106

Linguistics and methodics

<i>Alikhankyzy Gulya, Akhmetbek Gulzhan.</i> Modern methods of teaching Chinese as a foreign language	107-115
<i>Attia Ashraf Mohamed.</i> Understanding culture through the prism of linguistic anthroponyms (Based on Russian and Arab anthroponyms)	116-121
<i>Grishina Arina, Gizdatov Gazinur.</i> Cultural codes in the modern media discourse of the USA ..	122-128
<i>Kultanova Zhanara, Kussainova Raisa.</i> Cultural and National (ethnic) stereotypes of Communicative behavior	129-135
<i>Zharkynbekova Sholpan, Urazayeva Kuralai, Petkova Sylvia, Kozhamkulona Gulmira.</i> Student-centered learning and effective learning environment	135-146
<i>Yerlanova Madina, Zhunusova Zhanyl.</i> Word-forming potential of non-usual dictionary in modern Russian language	147-156
<i>Beisenova Nazerke, Issenova Fatima.</i> The theme of «love» in the common human and ethnic concepts of the poet Bachyt Kairbekov	157-162
<i>Karagulova Balgenzhe.</i> New directions of neologisms research in modern linguistics	163-171
<i>Kalibekuly Tolkyn.</i> Ways of phrases formation and phrases classification in Chinese and Kazakh languages	172-184
<i>Manapbayeva Zhannura, Seidenova Saule.</i> Adequacy of translating realia into other languages (based on Smagul Yelubay's novel 'Ak boz uy' and its translations in the Russian and English languages)	185-192
<i>Otelbay Gulbaira.</i> «Esep kuraly» («Math textbook») of Mirzhakup Dulatuly: the meaning and status of forgotten terms	193-200
<i>Smagulova Gulshat, Mukhametkaliyeva Gulnur, Murtaza Anipa, Baltabaeva Gauchar.</i> Integration of Islamic terminology in Eastern culture: China	201-209
<i>Sharip Amantai.</i> The archetype «Zher-Ana» («Mother Earth») in Kazakh poetry: the genesis and transformation	210-217

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Аймухамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Мотив «Жер асты әлеміне саяхаттау» («Путешествие в подземный мир») в сказках	8-14
<i>Аккулы Султан Хан, Жумагул Сагымбай, Кеменгер Кайырбек.</i> Новые данные о голодоморе в идеологических наследиях Алаша (1932-33 годы)	15-21
<i>Арыккарақызы Еркегуль.</i> Произведение Акыта Улимжиулы «Мунаджат хази аль-Хажат» (идейные особенности)	22-28
<i>Ашимхан Талдаубек.</i> Роман-хамса Рамазана Токтарова «Абайдың жұмбағы» («Тайна Абая») в контексте независимой литературы	29-35
<i>Байтанасова Карлыгаи, Нурлыбек Гулбану.</i> Фольклорные мотивы в современной казахской прозе	36-44
<i>Губайдуллина Айжан, Корманбеков Болат.</i> Поэтика и типология поэм «Дариға қыз» и «Қисса Шаһизинда»	45-51
<i>Жанысбекова Эльмира.</i> Античные и библейские образы и мотивы в современной прозе Казахстана	52-63
<i>Камзабекулы Дихан.</i> Тюркский танзимат: отражение действительности в литературе.....	64-74
<i>Нуртаева Гулнура, Усен Айгуль.</i> Национальные мотивы в поэзии Мукагали Макагаева	75-83
<i>Оразбай Сауле.</i> Образы исторических деятелей в текстах орхон-енисейских памятников	84-90
<i>Темиртас Гульсезим, Кеменгер Кайырбек.</i> Писательская деятельность и творчество Султанбека Кожанова	91-97
<i>Хамзина Карлыгаи, Қалыбекова Каламкас, Қулейменова Лейла.</i> Типологическая структура поэзии Магжана Жумабаева	98-106

Лингвистика и методика

<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гулжан.</i> Современные методы преподавания китайского как иностранного языка	107-115
<i>Аттия Ашираф Мохаммед.</i> Понимание культуры сквозь призму лингвоантропонимов (на материале русских и арабских антропонимов)	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинур.</i> Культурные коды в современном медиадискурсе США... ..	122-128
<i>Култанова Жанара, Қусаинова Райса.</i> Культурные и национальные (этнические) стереотипы коммуникативного поведения	129-134
<i>Жаркынбекова Шолпан, Уразаева Куралай, Петкова Сильвия, Кожамкулова Гульмира.</i> Студентоцентрированное обучение и эффективная обучающая среда	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жунусова Жаныл.</i> Словообразовательный потенциал неuzuальной лексики в современном русском языке	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Общечеловеческое и этническое в концептуальном содержании образа «любовь» в лирике Бахыта Каирбекова	157-162
<i>Карагулова Балгенже.</i> Основные исследования неологизмов в современном языкознании	163-171
<i>Калибекулы Толкын.</i> Способы и виды связи словосочетаний в китайском и казахском языках	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сауле.</i> Адекватность передачи реалий на другие языки (на основе романа Смагула Елубая «Ак боз уй» и его переводов на русский и английский языки)... ..	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> «Есеп құралы» («Учебник по математике») Миржакупа Дулатулы: значение и статус забытых терминов	193-200
<i>Смагулова Гульшат, Мухаметкалиева Гулнур, Муртаза Анипа, Балтабаева Гаухар.</i> Интеграция исламской терминологии в Восточной культуре: Китай	201-209
<i>Шарип Амантай.</i> Архетип «Жер-Ана» («Мать-Земля») в казахской поэзии: генезис и трансформация	210-217

FTAMP 16.21.43

Толқын Қалибекұлы

*Абылай хан ат. Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан
(E-mail: tolkyn.kalibek@mail.ru)*

Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен түрлері

Аңдатпа. Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесі синтаксисінің қалыптасу кезеңі елуінші жылдардан басталады. Қазақ тілінің сөз тіркесінің жеке категория болып қалыптасуы М.Балақаевтің есімімен тікелей байланысты. Ал қытай тілінің сөз тіркесі Ма Жянжоңның 马氏文通 (Mashiwentong, 1898 ж.) деген еңбегінен бастап, қытай тілі жөнінде жазылған еңбектерде айтыла бастады. Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерін жан-жақты зерттеуге баса мән беріліп отырғанымен, кейбір мәселелер әлі де шешімін таппаған деп айтуға болады. Сондықтан сөз тіркесі – жан-жақты зерттеуді күтіп отырған күрделі де көкейтесті мәселелердің бірі. Қазақ (әсіресе, қытайдағы қазақ тілі) және қытай тіл білімінде толық шешімін таба қоймаған даулы мәселелер көп, атап айтқанда: сөз тіркесінің анықтамасы; негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесі еркін сөз тіркесінің қатарына жата ма? салаласа байланысқан тіркестер еркін сөз тіркесінің қатарында қарала ма? предикативті тіркес (тізбек) сөз тіркесі деп таныла ма? сөз тіркесінің күрделі сөз және сөйлемнен айырмашылығы; сөз тіркесі сөйлемде немесе сөйлемнен тыс қолданыла ма? сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, т.б. Мақалада қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен сөз тіркесін топтастыру принциптерінің салғастырмалы сипаттамасы жасалып, қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен жасалу жолдары және құрылымдық түрлерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары сөз болады.

Түйін сөздер: синтаксис, сөз тіркестерінің жасалу жолдары, синтетикалық және аналитикалық тәсілдер, сөздердің орын тәртібі, интонация, сөз тіркестерін топтастыру, бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі, тілдік ерекшелік

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-127-2-172-184>

Кіріспе. Тілдерді салыстыра және салғастыра зерттеу бүгінгі таңда көптеген тіл мамандары мен ғалымдар тарапынан үлкен қолдау табуда. Тілді жүйелі түрде салғастыра зерттеудің шет тілін оқыту барысында, аударма теориясы мен практикасы үшін алатын орны ерекше. Отандық салғастырмалы тіл білімі саласында алғашқы зерттеулер орыс және қазақ тілдеріне қатысты жүргізілгені белгілі. Бүгінгі таңда, Қазақстанның халықаралық аренаға шығып, өркениетті елдер қатарына қосылуға талпыныс жасап, халықаралық қатынастар өркен жайып отырған тұста, қазақ тілін шет тілдермен салғастыра зерттеудің қажеттілігі туындап отыр. Бұлардың қатарына қытай тілі мен қазақ тілінің синтаксистік ерекшеліктерін, нақтылай түссек сөз тіркесі синтаксисін қарастыру да жатады.

Зерттеудің мақсаты. Туыс емес екі тілдің сөз тіркесінің құрылымдық жүйелеріндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, әр тілдің өздеріне ғана тән ерекшеліктерін анықтау, сонымен қатар қазіргі қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерінің жасалу жолдары мен түрлерін салғастыру мәселелері зерттеу жұмысының мақсаты болып табылады. Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес, жалпы тіл білімінде қалыптасқан салғастырмалы әдіс, синтаксистік талдау әдістері пайдаланылды.

Ғылыми жаңалығы. Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерін салғастыра зерттеу барысында туыс емес екі тілдің сөз тіркесінің құрылымдық жүйелеріндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, әр тілдің өздеріне ғана тән ерекшеліктерін анықталды.

Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері

Кез келген сөздердің қатар тұруы сөз тіркесі бола бермейді. Сөз тіркесі болу үшін сөздердің тіркесуінде белгілі бір заңдылықтар болады. Бұл заңдылықтардың бірі – сөздердің тиісті дәнекерлер, тәсілдер арқылы бір-бірімен байланысуы.

Қытай тілінде сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді байланыстыруға дәнекер болатын септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары жоқ (көптік мағынаны білдіретін [ʃ] [men] деген жалғыз жұрнақ бар, бірақ ол сөз бен сөзді байланыстыру қызметін ешқашан да атқара алмайды). Сондықтан синтетикалық тәсіл сөз түрлендіруші формалары жоқ немесе өте аз тілдердің бірі – қытай тілінің табиғатына тән құбылыс емес.

Қазақ тілінде сөйлемнің құрамындағы сөздер не сабақтаса байланысады, не салаласа байланысады немесе қиыса (субъектілік-предикаттық қатынаста) байланысады. Қиыса байланысқан сөздердің тіркесі сөз тіркесі деп есептелмейді.

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесінің байланысу тәсілдері түрліше түсіндіріліп жүр. М.Балақаев сөз бен сөзді байланыстыруға дәнекер болатын жалғауларды (септік, тәуелдік, көптік, жіктік), шылауларды (септеуліктер, жалғаулықтар), сөздердің орын тәртібі мен интонацияны айта келе, сөз тіркесі құрамындағы сөздердің қосымшалар арқылы байланысуын синтетикалық байланыс, ал қосымшаларсыз орын тәртібі, интонация, шылаулар арқылы байланысуын аналитикалық байланыс деп қарайды [1, 44]. Р.Әміров те осындай пікірде [2, 10 – 13 бб]. Т.Сайрамбаев сөздердің байланысу тәсілдерін аналитикалық, синтетикалық және аналитикалық-синтетикалық тәсілдер деп үшке бөліп қарастырады [3, 49 б.] Аналитикалық және синтетикалық тәсілдер негізгі, ал аналитикалық-синтетикалық тәсіл қосалқы тәсіл болып табылады. Себебі аналитикалық және синтетикалық тәсілдердің тынысы кең, қолданылу өрісі мол, ал аналитикалық-синтетикалық тәсілдер ондай емес, бұл тәсіл күрделі сөз тіркесінің құрамында ғана қолданылады.

ҚХР Шыңжаң Тіл-жазу комитеті шығарған “Қазіргі қазақ тілі” деген еңбекте сөздердің байланысу тәсілдерін екіге бөліп, біріншісіне жалғаулар арқылы байланысуды синтетикалық тәсіл, ал шылаулар, сөздердің орын тәртібі, интонация арқылы байланысуды аналитикалық тәсіл деп қарайды [4, 332 б].

Қытайдағы қазақ тілінің сөз тіркестері жайлы жазылған еңбектерде байланыстыру тәсілдері арнайы талданбай, сөз тіркесін жеке-жеке қарастырғанда үстірт баяндалады. Шыңжаң оқу-ағарту баспасынан шыққан «Қазіргі қазақ тілі» атты оқулықта: «Сөйлемде жеке сөздер сияқты сөз тіркесі қосымшалар, көмекші сөздер, орын тәртібі, екпін арқылы байланысып келіп, қатынастың бүтін бірлігі немесе сөйлем құраушы орталық бола алады» деп жазылған. Бірақ сөз тіркесінің қосымшалар, көмекші сөздер, орын тәртібі және екпін арқылы байланысуы туралы таратып айтылмайды, тілдік деректер арқылы да дәлелденбейді. Аталмыш оқулықта қосымшалар жалғау және жұрнақ деп екіге бөлінген [5, 119 б]. Сонда сөздерді бір-бірімен байланыстыратын тәсілдердің қатарына жұрнақтардың да қатысы бар болып шығады, алайда бұл туралы сөз болмайды. Сөздерді байланыстыратын «көмекші сөздерді» біз осы оқулықтан кездестірмедік. Авторлар бірде “көмекші сөздер” деген термин, бірде “шылау” терминін қолданады. Сөз тіркесін салалас тіркес және сабақтас тіркес деп екіге бөлген. Салаласа байланысқан тіркестің бір тобы жалғаулар арқылы, енді бір тобы орын тәртібі арқылы, байланысады дей келе, бұған дәлел ретінде мынадай үш мысалды келтірумен шектеледі: *социализм және коммунизм, ақ-қара, жұмысшы-дихан-әскер* [5, 236-237 б.]. Осы мысалдағы **ақ-қара** деген сөз тіркесі емес, қосарлау тәсілі арқылы жасалған қос сөз. Ал *жұмысшы-дихан-әскер* дегенді қалай түсінеміз? Бұл – қытай тілінен қазақ тіліне аударылған – 工农兵 [gong nong bing] - (工 [gong] жұмысшы, 农 [nong] дихан, 兵 [bing] әскер) деген салаласа байланысқан сөз тіркесі. Біздің ойымызша, қытай тілінен алынған бұл мысал қазақ тіліндегі салаласа байланысқан сөз тіркесіне нақты дерек бола алмайды. Мысалды қазақ тілінің материалдарынан алу керек. Міне, бұдан қытайдағы қа-

зақ тілі сөз тіркесінің байланысу тәсілдерінің өте аз зерттелгендігін аңғаруға болады. Осы кітаптың 236-бетінде: “Сөз тіркестері сөйлемдегі жеке сөздерге ұқсас роль атқарады да, сөйлемнің әрқандай мүшесі болады” деп жазылған. Мұны қытайлық түркітанушы ғалым Гың Шымін (耿世民) [6] мен Чын Янян (陈燕燕) [7] да қолдайды.

Синтетикалық тәсілдер осы уақытқа дейінгі сөз тіркесі жайлы зерттеулерде бұл тәсіл тек төрт жалғаудың (септік жалғаулары, тәуелдік жалғауы, жіктік жалғауы және көптік жалғауы) қатысы арқылы жүзеге асады делініп келді. Бұлардың ішінде септік жалғаулары сөз бен сөзді байланыстыруда басқа жалғауларға қарағанда өте белсенді.

Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағмановтар «Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі» деген еңбектерінде синтетикалық тәсілдерге тек септік және тәуелдік жалғауларын ғана жатқызады. Көптік (тек кейбір реттерде ғана болмаса) және жіктік жалғауларының қазақ тілінде сөз бен сөзді байланыстыра алмайындығын теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты дәлелдеп көрсетеді [8, 31 б]. Біз де осы пікірді толығымен қуаттаймыз.

Сөз тіркестері жайлы жазылған кейбір еңбектерде сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді байланыстыруға тек жалғаулар ғана емес, жұрнақтардың да өзіндік рөлі бар екендігі айтылып жүр. 1967 жылы шыққан академиялық грамматикада (сөз тіркесі бөлімін жазған М.Балақаев): «Сөз тіркесінің бір сыңарын екіншісіне бағындырушы морфологиялық тұлғаларды жалғаулар системаларынан ғана емес, «жұрнақ» деп аталып жүрген қосымшалардан да табамыз. Олардың ішінде, әсіресе, етістіктің көсемше, шартты рай тұлғаларының қызметі ерекше» [9, 18 б].

Т.Сайрамбаев бұл пікірді қолдай келе, *Мен етпеттей жығылдым* (Ж.Тәшенов). *Мен жүре келе көп нәрсеңе түсіндім. Ол күліп сөйледі* (І. Есенберлин) деген сөйлемдердегі етпеттей жығылдым, жүре келе түсіндім, күліп сөйледі сөз тіркестеріндегі әрбір сыңары бір-бірімен көсемшенің **-й, -е, -ін** жұрнақтары арқылы байланысып тұр деп, оларды сөздердің жалғаулар арқылы байланысуына қоса жұрнақтар арқылы байланысу, яғни қосымшалар арқылы байланысу деп атауды жөн санайды [3, 57 б].

Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағмановтар **жұрнақтарды сөз тіркесінің байланысу тәсіліне жатқызбауды орынды** дейді. Оны жұрнақтардың негізгі міндеті сөздерді байланысқа түсіру емес, сөз жасау немесе форма жасау болып табылатындығымен түсіндіреді [8, 44 б]. 2002 жылы шыққан академиялық грамматикада сөз тіркесі құрамындағы сөздердің жалғаулар арқылы байланысуын ғана синтетикалық тәсіл деп есептейді [10, 588 б].

Етістіктің аналитикалық формасын жасауға көсемшенің жұрнағы қатысады десек, онда етістікті сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді байланыстыруға жұрнақтардың да қатысы бар емес пе деген ой туындайды. Біздің ойымызша, сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді байланыстыруға жұрнақтардың да өзіндік рөлі бар. Жұрнақтардың негізгі міндеті сөз жасау немесе форма жасау болса, олардың сөздерді байланысқа түсіру қызметін қосымша міндеті деп түсінген жөн сияқты.

Аналитикалық тәсілдер қазақ тілінде де, қытай тілінде де бар. Қазақ тіліндегі сөз бен сөзді байланыстыратын аналитикалық тәсілдерге сөздердің орын тәртібі, көмекші сөздер және интонация жататыны белгілі. Қытай тілінде «аналитикалық тәсіл» деген термин қолданылмағандықтан бар. Оларға сөздердің орын тәртібі мен көмекші сөздер жатады.

Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысуы. Сөздердің орын тәртібі тәсілі сөз түрлендіруші формалары жоқ немесе өте аз тілдерде айрықша мәнге ие.

К.Аханов «Грамматика теориясының негіздері» еңбегінде: «...*Жалпы түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, жалғаулықсыз байланысқан сөздердің (сөйлем мүшелерінің) орны тұрақты болады да, олардың қалыпты орны өзгере бермейді. Кейбір лингвистер қазақ тілінің осы ерекшелігін жете аңғармай бұл тілде сөздердің орын тәртібі грамматикалық қатынасты білдіруде шешуші қызмет атқарады деп есептейді. Ал шындығына келгенде, қазақ тілінде грамматикалық қатынастар сөз түрлендіруші формалар мен көмекші сөздер арқылы беріледі...*», - деп көрсетеді [11, 14 б].

Ә. Аблақов, С. Исаев, Е. Ағмановтар *сөздердің орын тәртібі грамматикалық мағыналарды айқындауда жетекші қызмет атқарады* деп есептейді... [8, 45 б].

Т. Сайрамбаев *синтаксистік байланыстың бұл амалы сөздердің жалғаулар арқылы байланысуынан кем түспейтіндігін* айтады... [3, 47 б].

Қазақ тілінде жалғаулықсыз орын тәртібі арқылы байланысқан сөз тіркестері құрамындағы сөздердің байланысы берік болады. Сондықтан олардың орнын бір-бірімен ауыстыруға келмейді, егер орны ауысса, бүтіндей сөз тіркесінің білдіретін грамматикалық мағыналары өзгеріп кетеді. Мысалы, *үлкен үй, жақсы бала, кіршіксіз махаббат* тіркестері анықтауыштық қатынасты білдірсе, керісінше *үй үлкен, бала жақсы, махаббат кіршіксіз* деген тіркестер предикаттық қатынасты білдіреді.

Қытай тілінде орын тәртібінің мәні ерекше. Мұны мына жақтан көруге болады:

1) қытай тілінде орын тәртібі арқылы байланысқан сөз тіркестері құрамындағы сөздердің орнын ауыстырса, олардан туындайтын грамматикалық қатынастар мен грамматикалық мағыналар бүтіндей өзгеріп кетеді. Мысалы, 意义重大 [yiyi zhongda] мағынасы зор (сөзбе-сөз: мағына зор) – предикаттық қатынасты білдіретін бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі (бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлар тек орын тәртібі арқылы байланысады). 重大意义 [zhongda yiyi] зор мағына – анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі.

2) сөйлемдегі зат есім немесе есімдіктен жасалған бастауыш пен толықтауыштың орнын ауыстырса, бүтіндей сөйлемнің мағынасы өзгеріп кетеді. Мысалы, 他相信你 [Ta xiangxin ni] *Ол саған сенеді* (сөзбе-сөз: *Ол сену сен*) деген сөйлемнің құрамындағы 他 (ол) сөзі – бастауыш, 你相信他 [Ni xiangxin ta] *Сен оған сенесің* (сөзбе-сөз: *Сен сену ол*) деген сөйлемнің құрамындағы 他 (ол) сөзі толықтауыш мүше болып тұр. Мұның себебі – қытай тілінде зат есім мен есімдіктерді түрлендіретін формалар, яғни септік жалғауларының болмауынан болса керек. Сондықтан қытай тілінде орын тәртібінің маңызы ерекше. Ал қазақ тілінде: *Ол саған сенеді* деген сөйлемді *Саған ол сенеді* деп орнын ауыстыруға болады, *Сен оған сенесің* деген сөйлемді *Оған сен сенесің* деп орнын ауыстырғанмен мағынаға айтарлықтай нұқсан келмейді.

3) қытай тілінде дәнекерсіз байланысқан толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі мен пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің ара-жігін ажыратуда орын тәртібінің өзіндік орны бар. Егер сөз тіркесінің құрамындағы ұйытқы (басыңқы) сөз алдында келсе, толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі болады; егер ұйытқы сөз соңында келсе, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі болады. Мысалы, 我早来了 [Wo zao lai le] *Мен ерте келдім.* 我来早了 [Wo lai zao le] *Мен ерте келіппін.* Осы екі мысалдың құрамындағы 早来 [zao lai] және 来早 [lai zao] дегендер – орын тәртібі арқылы тіркескен сөз тіркестері. Алдыңғысы – толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі, өйткені басыңқы сөз (早ерте) бағыныңқы сөздің (来келу) алдында тұр; соңғысы – пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі, өйткені бағыныңқы сөз (早ерте) басыңқы сөздің (来келу) алдында келген. Міне, бұдан қытай тілінде сөздердің орын тәртібінің сөз тіркестерінің құрамындағы сөздер мен сөйлем мүшелерін байланыстыруда мәні айырықша екендігін байқауға болады.

Интонация қазақ тілінде сөз тіркестеріне қатысты еңбектерде сөз тіркестері құрамындағы сөздерді байланыстыратын тәсілдердің бірі ретінде қаралып жүр. 2002 жылы шыққан академиялық грамматикада аналитикалық тәсілдерге интонация, сөздердің орын тәртібі және шылауды жатқызады [10, 587 б].

Шынында, **интонация** сөз тіркесінің емес, сөйлемнің табиғатын айқындауда пәрменді қызмет атқарады. Сөйлемнің хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты болып саралануы, сабақтас құрмаластың салалас құрмаластан айырмашылығы, кідіріс, пауза арқылы есімнен болған бастауыш пен баяндауыштың мүшелік қызметінің айқындалуы (*Күләш дәрігер*), сондай-ақ, сілтеу есімдігінен болған бастауыштың анықтауышпен шатастырылмауы (*бұл - алтын*) т. б. түгелімен интонацияға байланысты... [8, 47 б].

Интонацияны сөз тіркестері құрамындағы сөздерді байланыстыратын тәсілдердің бірі ретінде қараушылар интонация арқылы қысқа байланысқан бастауыш пен баяндауышты негізге алады. Мысалы, *Қасым – мұғалім, бұл – студент*. Бұлар – сөйлем. *Қасым мұғалім, бұл студент* деп кідіріс (пауза) жасамай айтсақ, онда анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі жасалады да, сөйлемдік сипат алмайды. Міне, бұдан интонацияның есім сөзден құралған сөйлем мен анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін ажырататын грамматикалық тәсіл ретінде қызмет атқаратындығын аңғаруға болады. Сондықтан интонацияның сөз тіркесіне де қатысы бар деп айта аламыз. Бірақ сөйлемнің интонациясы сөз тіркесінен мүлде басқаша. **Жалпы интонация** – сөйлемге тән басты белгілердің бірі, сөйлемнің органикалық элементі болып табылады.

Т. Сайрамбаев интонациялық құбылыс сөйлемнің айтылу мақсатына қарай сөз болады деп, интонацияның сөз тіркесіне қатысын қарастырмайды [3, 58 б].

Қытай тілінде интонация тек салаласа байланысқан сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді байланыстырады. Сондықтан интонацияның тек салаласа байланысқан сөз тіркесіне ғана қатысы бар деп айтуға болады, бірақ сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді байланыстыратын маңызды тәсілдердің қатарына жатпайды.

К. Аханов: *«Интонацияның, әсіресе, грамматикалық қатынастар синтаксистік тәсіл арқылы берілетін тілдерде, мысалы, қытай тілінде, өте-мөте үлкен мәні бар»* [12, 318 б], -дейді. **Біз мұны жаңсақ айтылған деп санаймыз**. Қытай тілінде грамматикалық қатынастарды білдіруде сөздердің орын тәртібі мен көмекші сөздер шешуші рөл атқарады.

Сөздердің көмекші сөздер арқылы байланысы. Қазақ тілінде аналитикалық байланысу тәсіліне шылаулар, оның ішінде септеулік шылаулар (септеуліктер) жатады.

Сөйлемнің құрамындағы сөздерді өзара байланыстыратын шылаулар екі түрлі болады: **бірі** – **жалғаулықтар**, олар бірыңғай мүшелерді және құрмалас сөйлемдердің құрамындағы сөйлемдерді байланысқа түсіреді, бірақ сөз тіркесін құрай алмайды. **Екіншісі** – **септеулік шылаулар**, бұлардың бірқатары сөз бен сөздің арасын байланыстыруға бейім тұратын болса, енді бірқатары сөз бен сөзді байланыстырудан гәрі өзі жалғанған сөзге үстеме мағына қосуға, мағынасын нақтылай түсуге бейім келеді. Ал енді бірі сөз бен сөзді әрі ұластырады, әрі өзінен бұрынғы сөзге үстеме мағына қосады.

М. Балақаев байланысу тәсілінің қатарына көмекші есімдерді де қосады [13, 81 б]. Ал Т. Сайрамбаев олардың қатарына көмекші етістік пен модаль сөздерді де жатқызады [3, 59 б]. Ә. Аблақов, С. Исаев, Е. Ағмановтар М. Балақаев пен Т. Сайрамбаевтың айтқандарын қуаттамайды. Көмекші есімдер, көмекші етістіктер, модаль сөздер күрделі сөз тіркесін жасауға қатысады, бірақ тіркес құрамындағы дербес мәнді сөздерді өзара байланысқа түсіре алмайды. Септеулік шылаулар өзінің алдындағы сөзбен тіркесіп, түйдекті тіркес құрайды да, оны өзінен кейінгі сөзбен ұластырады. Мұндай тіркеске тән екінші бір ерекшелік бағыныңқы сыңар қызметін атқарып тұрған түйдекті тіркес басыңқы сыңармен орын тәртібі арқылы да байланысқа түседі... [8, 58 б]. Біз осы тұжырымға толығымен қосыламыз.

Енді қытай тіліндегі сөз тіркесі құрамындағы сөздерді байланыстыратын шылаулар (助词) мен жалғаулықтарға (连词) қысқаша тоқталайық. Қытай тіліндегі сөз тіркесі құрамындағы сөздерді бір-бірімен байланыстыратын шылаулар мен жалғаулықтар сан жағынан онша көп емес. Сөздерді байланыстыратын шылауларға 的[de], 地[de], 得[de] сияқты құрылымдық шылаулар (结构助词) жатады. 的 – анықтауыштық қатынастағы, 地 – пысықтауыштық қатынастағы, 得 – толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді бір-бірімен байланыстырады. Мысалы, 他的朋友[ta de pengyou] оның досы, 轻轻地走 [qingqing de zou] ақырын жүру, 高兴的流泪 [gaoxing de liulei] қуанғанынан жылап жіберу. Ал сөздерді байланыстыратын жалғаулықтарға мыналар жатады: 和[he], 跟[gen], 同[tong], 与[yu] – және, бірге, мен(бен,пен); 及[ji] сондай-ақ; 或[huo] я, не, немесе; 并[bing], 并且[bingqie] әрі, және; 而[er] да//де(та//те); 或者[huozhe] не, немесе, не болмаса, я; 还是

[haishi] я, әлде, т.б. Бұлар салаласа байланысқан сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарларды байланыстырады. Мысалы, 你和他 [ni he ta] сен және ол, 今天或明天[jintian huo mingtian] бүгін я ертең, 分析并研究 [fenxi bing yanjiu] талдау және зерттеу, т.б. Қытай тіліндегі жалғаулықтар қолданылу жағынан ағылшын, орыс және қазақ тілдеріне ұқсамайтын өзгешеліктері бар. Мысалы, 同[tong], 与[yu], 及[ji] жалғаулықтары, әдетте, зат есімдерді, ал 并[bing], 并且[bingqie] жалғаулықтары, әдетте, етістіктерді, 而[er], 而且[erqie] жалғаулықтары сын есімдер мен етістіктерді байланыстырады; 和[he], 或[huo], 或者[huozhe] жалғаулықтары әр түрлі сөздерді байланыстыра алады.

Қытай және қазақ тіліндегі сөз тіркестерін топтастыру

Қытай тілінде сөз тіркесін топтастыру ең күрделі, ең қиын, ең даулы мәселелер қатарына жатады. Қытай тіліндегі сөз тіркесі құрылысының күрделі, өзіндік түрлерінің мол болуы – қытай тілі грамматикасының елеулі өзгешелігі. Сөз тіркесінің түрлерін жан-жақты, ғылыми тұрғыдан айқындау сөз тіркесін зерттеуде, тіпті тұтас қытай тілі грамматикасын зерттеуде өте маңызды саналады.

Қытай тілінде сөз тіркестерін топтастыруда, негізінен, мына принциптерге сүйенеді: 1) сөз тіркесінің құрылымына қарай топтастыру; 2) сөз тіркесінің грамматикалық функцияларына қарай топтастыру; 3) сөз тіркесінің құрылымдық қабаттарының санына қарай топтастыру; 4) сөз тіркесінің бір мағыналығы мен көп мағыналығына қарай топтастыру; 5) сөз тіркесінің сыңарлары байланысының берік-әлсіз болуына қарай топтастыру, т.б.

Сөз тіркестерінің құрылымына қарай топтастыру – қытай тілінде ең алғаш қолданылған, әрі ең қолданылу өрісі кең принцип. Қытай тілінің ең алғашқы грамматикасы – “Машыуынтонда” (马氏文通) сөз тіркестері осы принципке негізделіп топтастырылған. Кейін шыққан грамматикалардың басым бөлігінде осы принцип басшылыққа алынған. Лүй Шусяң (吕叔湘), Уаң Ли (王力) және Диң Шыңшу (丁声树) сияқты ғалымдар өз еңбектерінде осы принципті басшылыққа алып, сөз тіркестерінің құрылымдық түрлерін біршама жан-жақты қарастырған. Бірақ сөз тіркестерінің құрылымына қарай іштей саралап түрлеу және атау жүйесінде көптеген алшақтықтар бар.

1956 жылы “Уақытша жасалған қытай тілінің мектеп грамматикасы жүйесі” (《暂拟汉语教学语法系统》) жарық көрді. Бұл бағдарлама – қытай тілі материалдарының ғылымға негізделген алғашқы жүйелі бағдарламасы. Аталған бағдарламада сөз тіркесі құрылымына қарай 4-ке бөлінген: салаласа байланысқан (联合关系), бастауыш-баяндауыштық қатынастағы (主谓关系), баяндауыш-толықтауыштық қатынастағы (动宾关系), бағыныңқы-басыңқылық қатынастағы (偏正关系) сөз тіркесі.

1984 жылы жасалған “Бағдарламада” сөз тіркесі салаласа байланысқан (并列关系), бастауыш-баяндауыштық қатынастағы (主谓), баяндауыш-толықтауыштық қатынастағы (动宾), бағыныңқы-басыңқылық қатынастағы (偏正), баяндауыш-толықтауыштық қатынастағы (动补), предлог-толықтауышты (介宾), айқындауыштық (复指) сөз тіркестері деп 7-ге жіктелген.

Жаң Жің (张静) сөз тіркесін салаласа байланысқан (联合词组), бағыныңқы-басыңқылық (偏正词组), баяндауыш-толықтауышты (动宾词组), бастауыш-баяндауышты (主谓词组), құрмалас (复句词组) сөз тіркесі деп 5 топқа бөледі [14, 245 б].

Хуаң Бороң (黄伯荣) мен Ляу Шүйдонг (廖序东) сөз тіркесін бастауыш-баяндауышты (主谓短语), баяндауыш-толықтауышты (动宾短语), бағыныңқы-басыңқылық (偏正短语), баяндауыш-толықтырғышты (中补短语), салаласа байланысқан (联合短语), көп етістікті (连谓短语), екі жақты қызмет атқаратын сөзді (兼语短语), айқындауыштық (同位短语), сан-мөлшер сөзді (量词短语), мекендік мағынаны білдіретін (方位短语), предлогты (介词短语), көмекші сөзді (助词短语) деп 12-ге саралайды [15, 60—67 бб].

Фан Шяу (范晓) сөз тіркесін 14 түрге топтастырған: анықтауыштық (定心短语), салаласа байланысқан (并列短语), айқындауыштық (复指短语), мекендік мағынаны білдіретін (

方位短语), предлогты (介词短语), баяндауыш-толықтауышты (述宾短语), пысықтауыштық қатынастағы (状心短语), баяндауыш-толықтырғышты (述补短语), екі жақты қызмет атқаратын сөзді (兼语短语), көп етістікті (顺递短语), қосарлы (重叠短语), бастауыш-баяндауышты (主谓短语), сан-мөлшер сөзді (量词短语), көмекші сөзді (助词短语) сөз тіркестері [16, 7–8 бб].

Жаң Шукаң (张寿康) сөз тіркесін 结构 «құрылым» деген терминмен атап, оларды (сөз тіркестерін) бастауыш-баяндауышты құрылым (主谓结构), баяндауыш-толықтауышты құрылым (动宾结构), тұжырымдау мәнді құрылым (判断结构), бағыныңқы-басыңқылы құрылым (偏正结构), баяндауыш-толықтырғышты құрылым (谓补结构), көп етістікті құрылым (连谓结构), тұрақты құрылым (固定结构), сан-мөлшер сөзді құрылым (数量结构), сілтеу есімдік-мөлшер сөзді құрылым (指量结构), мекендік мәнді білдіретін құрылым (方位结构), предлогты құрылым (介词结构), “suo” иероглифті құрылым («所» 字结构), «de» иероглифті құрылым («的» 字结构), айқындауыштық құрылым (复指结构), мүмкіндік-қалау мәнді білдіретін құрылым (能愿结构), бағыт-бағдар мәнді білдіретін құрылым (趋向结构), салалас құрылым (联合结构), ықшамдалған құрылым (紧缩结构), болымсыздық мәнді білдіретін құрылым (否定结构), салғастырмалық мәнді білдіретін құрылым (比况结构) деп 21-ге саралайды [17, 520 б].

2010 жылы жарық көрген «Қазіргі қытай тілінің сипаттамалы грамматикасында» сөз тіркестерін былайша жіктеген: бағыныңқы-басыңқылы (偏正短语), баяндауыш-толықтырғышты (述补短语), баяндауыш-толықтауышты (述宾短语), бастауыш-баяндауышты (主谓短语), салаласа байланысқан (联合短语), айқындауыштық (同位短语), көп етістікті (连动短语), екі жақты қызмет атқаратын сөзді (兼语短语), мекендік мағынаны білдіретін (方位短语), предлогты (介词短语), сан-мөлшер сөзді (量词短语), “de” иероглифті (“的” 字短语) сөз тіркестері [18, 280 б].

Шетелдік студенттерге арналған «Қазіргі қытай тіліне кіріспе» атты оқулықта сөз тіркесі бастауыш-баяндауышты (主谓短语), баяндауыш-толықтауышты (动宾短语), баяндауыш-толықтырғышты (述补短语), бағыныңқы-басыңқылы (偏正短语), салаласа байланысқан (联合短语), көп етістікті (连动短语), екі жақты қызмет атқаратын сөзді (兼语短语), айқындауыштық (同位短语), мекендік мағынаны білдіретін (方位短语), сан-мөлшер сөзді (量词短语), предлогты (介词短语), “de” иероглифті (“的” 字短语), “suo” иероглифті (“所” 字短语) және салыстыру мәнді сөз тіркестері (比况短语) деп 14-ге жіктеген [19, 177–183 бб].

Сөз тіркесінің грамматикалық функцияларына, яғни сөйлемдегі синтаксистік қызметтеріне қарай топтастыру. Бұл принципті Ли Жіңши (黎锦熙) “Жаңаша жазылған қытай тілінің грамматикасы” атты еңбегінде ең алғаш ұсынған болатын. Ли Жіңшидің пікірі бойынша сөйлем сөзден құралады, ал сөздер сөйлемнің құрамына енгеннен кейін сөйлем мүшесіне айналады. Сөз тіркесі сөздерден жасалады, сондықтан сөз тіркестерін топтастырғанда, сөздердің сипатына қарай зат есімді, сын есімді және үстеулі сөз тіркесі деп бөлуге болады. Міне, осыдан кейін қытайдың тіл мамандары сөз тіркесін топтастыруда осы принципті басшылыққа алатын болды. Бірақ сөз тіркестерін топтастыруда тіл мамандары арасында бірізділік жоқ екендігі жоғарыда айтылды. Мысалы, Хуаң Борон мен Ляу Шүйдон сөз тіркесін зат есімді сөз тіркесі (名词性短语) және етістікті сөз тіркесі (谓词性短语) деп екіге бөледі [15, 67 б]. Фан Шяу сөз тіркесін есімді сөз тіркесі (体词性短语), етістікті сөз тіркесі (谓词性短语), даралау мағынасын білдіретін сөзді сөз тіркесі (点别词性短语) және үстеулі сөз тіркесі (副词性短语) деп төртке бөледі [16, 8 б]. “Қазіргі қытай тілі грамматикасының арнаулы мәселелері” деген еңбекте зат есімді сөз тіркесі (名词性短语), етістікті сөз тіркесі (动词性短语) және сын есімді сөз тіркесі (形容词性短语) деп үшке бөлінген [20, 74 б].

Сөз тіркесін құрылымдық қабаттарына қарай топтастыру. Бұл принцип 1959 жылы Бейжің университеті филология факультетінің қытай тілі кафедрасы құрастырған “Қазіргі қытай тілі” атты оқулықта тұңғыш рет сөз болған.

